

Нишанбаева Сабира Зетбековнаның

6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы- адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстандық қоғамның бірлігі әртүрлі сатыдағы ұрпақтар үшін ортақ болып саналатын дәстүр мен рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы анықталады. Мұндағы білім беру қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болмақ. ЖОО білім беру үдерісі әрқашанда субъект ретінде кәсіби іс-әрекетке даярлап, қоғам прогресіне белсенділік таныта отырып, жетекші болатын рухани толысқан тұлға дамуына бағдарланады. Бүгінгі таңда жастар санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруде, олардың құндылық бағдарларын дұрыс қалыптастыруда отбасының алатын орны ерекше екені анық. Себебі, отбасы адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды, ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын ешнәрсе толтыра алмайды. Отбасының қоғамдағы әлеуметтік-тарихи тәжірибені жинақтау әрі тарату қызметінің ерекшелігіне байланысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Біз жаңа заманға сай болу үшін Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы тарихи өрлеу бастауында тұрған біртұтас ұлт болуымыз керек» деп көрсетеді. Елбасымыздың бұл ойлары жас ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың тәжірибесі, отбасы, халық, ұлт педагогикасының субъектілері үшін бағдарламалық идея болмақ.

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Қазақстанда отбасы әрқашан әлеуметтің аса маңызды құраушы элементі ретінде қарастырылып келеді. Ол қоғам болмысының, мемлекеттің негізі, адалдық, адамгершілік және рухани үйлесім жүйесіндегі маңызды буын болып табылады»; «...Өзі және өз жақындары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру отбасындағы тәрбиеден бастау ала отырып, жастар саясаты мәселелерінде негіз болуы қажет. Өмірдің құндылығы, қауіпсіздігі және оны жалғастыру отбасымен тікелей байланысты» - делінген. Мұндай тұжырымдамалық идеялар жастар саясатына, оның ішінде статистикалық көрсеткішімен басым келетін студент жастарға әлеуметтік міндет ретінде ұсынылып отырғанының өзі отбасындағы жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттестігінің негізгі құралы екендігінің кепілі болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамгершілік құндылықтары негізінде білім алушылардың рухын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі билеуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан құндылықтарының қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қарастырылады. Мұндағы қызметтер өз кезегінде білім алушыларды азаматтыққа, адамгершілік құндылықтарға бай етіп қалыптастыруды қоғам алдында міндеттеп отыр.

Айтылған тұжырымды ойлар қоғамдық және отбасылық тұрғыдан нақты қадамдар жасаудың, соған сай іс-шараларды қарастырудың қажеттілігін көрсетіп, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең 2017-2019 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығын іске асыру мақсатындағы қаулысында: «Отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге, репродуктивті денсаулықты нығайтуға, сондай-ақ, гендерлік теңдікті ілгерілетуге бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыру» бағытын ұйымдастыру педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындай түседі.

Бұл құжаттардағы айтылғандардың барлығы қазіргі студент жастарды отбасылық өмірге даярлау, неке-отбасылық, бала-ата-аналық қатынастар мәселелерінде педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қолдау жұмыстарын ұйымдастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Жоғары білім берудің жаңа парадигмасы нәтижесі білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға әкелетін білімге бағытталып отыр. Өйткені білімнің өзінің құндылықтар жүйесі – субъектілердің өзін-өзі өзгертіп, өзін-өзі дамытуында мақсаттарға жетіп, нарықтың бәсекелестік заңдарына шыдай отырып, табысты өмір сүруге дайындау болып табылады.

Біздің ойымызша, табысты өмір сүрудің бірі – отбасылық өмір. Отбасы құндылығы әлеуметтік өмірдің ірі ауқымдағы құрылымы. Сондай-ақ, ол материалдық және рухани тұрғыдағы қатынастарға негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесі ЖОО-дары іс-әрекетінің маңызды бағыттарының бірі болады.

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, отбасы - адамгершілік құндылықтар феномені барлық құбылыстар секілді адамзат қоғамында пайда болған және оның даму кезеңдерінде ғалымдарды толғандырған маңызды мәселелердің бірі.

Тарихқа көз жіберсек, отбасы, құндылық және отбасылық рухани - адамгершілік құндылықтар жөніндегі идеялардың сонау ежелгі философтар Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алып, орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби, Ж. Баласағұни және одан кейінгі ғұламалардың еңбектерінде жалғасын тапқанын көреміз. Сондай-ақ,

Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ағартушылар еңбектерінің педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда алатын орны ерекше. Отбасындағы және білім жүйесіндегі тәрбие беру жұмыстарын нәтижеге қарай бағыттауда бірнеше ғылым салалары бойынша ғалымдардың еңбектері кездеседі.

Зерттелініп отырған көпжақты мәселеге алыс және жақын шетелдік, отандық педагог, психолог, философ, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы ғалымдар арнайы назар аударған.

Осыған орай ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау отбасы, құндылық, отбасы-адамгершілік құндылықтары мәселелерін әртүрлі аспектіде бірнеше бағыттарда қарастырылғанын көрсетеді:

- *философиялық аспектіде* құндылықтардың табиғаты мен мәні, рухани құндылықтар, отбасы институты мәселелері ғалымдар (И.Кант, В.Виндельбанд, Г.Риккерт, Э.Фром, М.Рокич, Ф.Ницше, Н.А.Бердяев, Ә.Н.Нысанбаев, С.Е.Нұрмұратов, Р.Б.Әбсаттаров т.б.) еңбектерінде қарастырылады;

- *мәдени аспектіде* құндылықтар жүйесін әлеуметтік және этикалық тұрғыдан дәстүрлер, нормалар, рухани кодтар және адамның болмысы арқылы көрінетін құбылыс ретінде (Т.Х.Ғабитов, Б.С.Ерасов, отбасылық-неке қатынасын (Т.В.Бендас, К.К.Баздырев т.б.) қарастырады;

- *тарихи-әлеуметтік аспектіде* отбасының мемлекеттегі мәртебесі мен оның ерекшеліктеріне, қоғамның тыныс-тіршілігіндегі құндылықтарға назар аударады (М.Вебер, Э.Гидденс, М.Мид, Т.Парсонс, Г.К. Абдигалиева, В.П.Тугаринов, С.И.Голод, А.Ж.Сқақова т.б.); Соның ішінде, тарихшы Х.А.Арғынбаев «Қазақ отбасы» атты еңбегінде көшпелі қоғамдағы қазақ отбасыларының тұрмыс - тіршілігінің этнографиялық сипатына тоқталса, әлеуметтанушы З.Ж. Жаназарова «Қазақстандағы қазіргі заманғы отбасы және оның мәселелері» атты монографиялық зерттеуінде бүгінгі таңдағы қазақстандық отбасылардың жай - күйлеріне талдау жасайды, сонымен бірге З.К.Шәукенованың редакциясымен жарық көрген «Қазақстандық отбасы қоғамның негізгі құндылығы ретінде: жағдайы және даму үрдістері» еңбегінде, «Отбасы Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы ретінде» атты ғылыми-зерттеу жобасында заманауи қазақстандық отбасының даму үрдістеріне өзіндік түсініктемелер беріледі.

Психология ғылымында отбасылық қарым-қатынас психологиясын, құндылық бағдар мәселелерін шетел ғалымдары Г.Олпорт, Ж.Пиаже, З.Фрейд; ресей психологтары С.Л. Рубинштейн, В.И.Мясищев т.б. қарастырады. Соның ішінде, отбасы психологиясын зерттеуші ғалымдар (А.Г. Харчев, А.И. Антонов, т.б.) еңбектерінде отбасының маңызды функцияларының қатарына ата-ананың үгіт-насихаты мен өнегесі, сонымен қатар отбасының психологиялық жағдайы арқылы балалардың әдеттері мен мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалай алу өлшемдері қалыптасатыны ашып көрсетіледі.

Жоғары оқу орындары «Отбасылық өмір этикасы мен психологиясы» (И.В.Гребенников, С.В.Ковалев); «Отбасылық қарым-қатынас психологиясы» (Л.Б.Шнейдер) атты арнайы пәндерді енгізді.

Педагогика ғылымында отбасы мәселесінің әдіснамалық және теориялық негіздері, отбасы тәрбиесі, рухани-адамгершілік құндылықтар, отбасылық өмірдің ерекшеліктері, некелік қатынас, болашақ отбасы иесін даярлау мәселелерін ресейлік ғалымдар П.Ф. Каптерев, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, Н.Е.Щуркова, М.С.Мацковский, Е.В.Горбунова, қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, К.М.Төлеубаева, Қ.Т.Әтемова, Қ.Ф. Жүнісова-Елшібаева, С.С.Қоңырбаева, А.Е. Манкеш зерттесе, ал отбасындағы тәрбиені ұйымдастыруда қазақтың халықтық педагогикасының материалдарын пайдалану (С.Ғаббасов, Г.И.Сейлхан, Е.С.Коянғалиев, Т.С.Сламбекова, А.А.Таутенбаева, рухани-адамгершілік құндылықтар (Р.К.Төлеубекова), Н.С.Әлғожаева, құндылық бағдар (Г.Қ. Нұрғалиева) мәселелерін қарастырады.

Жоғарыдағы ғылыми зерттеу жұмыстары мен әдебиеттерді талдау бүгінгі таңда жаһандық деңгейде қоғамдағы және ұлттық деңгейде мемлекетіміздегі әлеуметтік-экономикалық тенденцияларға байланысты отбасының әлеуметтік-педагогикалық қызметтерінің өзгергендігін көрсетеді. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен көпұлтты Қазақстандағы демографиялық дағдарыстар отбасылық қатынастар мен құндылықтар, отбасы тәрбиесі саласында өскелең ұрпақты өз отбасын құруға, ата-ана болуға дайындау мәселелерінің өзектілігін айқындай түсуде. Біздің зерделеуімізде теориялық-қолданбалы мазмұндағы зерттеу жұмыстары, ондағы теориялық қағидалардың, қорытындылар мен тұжырымдардың студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесін ашып көрсетуде маңызы зор екенін және айтарлықтай тәжірибе жинақталғандығын көрсетеді.

Дегенмен ғалымдардың еңбектерін саралау барысында педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелері өз деңгейінде зерттелмегендігі айқындалды.

Осы тұрғыдан алғанда қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда:

- қоғам мен мемлекеттің өскелең ұрпақта отбасы құндылықтарын қалыптастырудың объективті әлеуметтік сұранысы мен қазіргі қоғамдағы отбасы мәртебесінің нақты алатын орны, қоғамдағы әлеуметтік институттың, отбасындағы ата-ананың рөлінің төмендеуі мен білім беру мекемелерінде оларды қалыптастыру үрдісінде жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттардың ескерілмеуі арасында;

- педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың қажеттігі және бұл үрдісті ұйымдастырудың теориялық-әдістемелік және технологиялық негіздерінің жеткілікті зерттелмеуі арасында;

- отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы студенттің субъективті белсенділігі мен зерттелінетін үрдісті ұйымдастыру бойынша бірлескен іс-әрекетке кәсіби дайындығы арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр.

Осы бөліп көрсетілген қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, біздің мәселемізді айқындауға және зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемесін жасап, оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу нысаны: педагогикалық жоғары оқу орнындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Зерттеудің ғылыми болжамы. *Егер:* педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, «отбасы-адамгершілік құндылықтар» ұғымының мәні нақтыланса, мазмұны айқындалған құрылымдық-функционалдық моделі жасалса, отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесі даярланып, оқу-тәрбие үдерісіне енгізілсе, *онда* қоғам дамуының қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени өзгерістер кезеңінде студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың тиімділігі артады, *өйткені* жоғары оқу орындарында студенттерді отбасылық өмірге даярлау үрдісі де қоғам талаптарын қанағаттандырады.

Зерттеудің қойылған мақсаты, пәні және ғылыми болжамына сәйкес **міндеттері** анықталды:

- педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;

- «отбасы-адамгершілік құндылықтар» ұғымының мәнін нақтылау және құрылымын айқындау;

- педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін әзірлеу;

- педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру әдістемесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру нәтижесінде болашақ мамандардың отбасын құндылық ретінде қабылдауына, отбасы мүшелерімен қарым-қатынастағы қажеттіліктерді іске асыруына, оның мүшесі ретінде сенімділікті сезінуіне, отбасының құндылықтарына

сәйкес іс-әрекеттер жасау үшін ерік-жігерінің болуына, отбасылық қатынастарда бірлескен бос уақытты өткізуге қанағаттануына, тұрақты мінез-құлқының болуына мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін адамды субъект, тұлға, индивид ретінде қарастыратын философиялық және педагогикалық-антропологиялық маңызды тұжырымдар, тұлғаны қарым-қатынас субъектісі және жоғары құндылық ретінде, оның іс-әрекетінің мәні жөніндегі жүйелі түсініктер (К.А.Абульханова-Славская, Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, В.Н.Мясищев, С.Л.Рубинштейн және т.б.); *жүйелілік-құрылымдық тұғыр* (В.П.Беспалько, И.В.Блауберг, В.В.Краевский, Г.П.Щедровицкий және т.б.); *әлеуметтік-гуманистік тұғыр* (Ш.А.Амонашвили, А.А.Бейсенбаева, В.А.Рыбин, А.А.Гусеинов және т.б.); *іс-әрекеттік тұғыр* (В.В.Сериков, И.С.Якиманская, К.А.Абульханова-Славская және т.б.); *аксиологиялық тұғыр* (М.С.Каган, А.Г.Асмолов, Б.С.Братусь, В.П.Тугаринов және т.б.); *мәдениеттанымдық тұғырда* сонымен бірге отбасы және құндылық, отбасы-адамгершілік құндылықтар феноменін, әртүрлі жастық топтағы білім алушылардың отбасылық құндылықтарын қалыптастыру мәселесін (В.И.Загвязинский, В.В.Краевский, Б.Т.Лихачев, Н.Д.Никандров, Р.К.Төлеубекова, Х.Т.Атемова, С.С.Қоңырбаева және т.б.) зерттеу нәтижесі құрайды.

Зерттеу әдістері:

-теориялық: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, контент-талдау, жіктеу, жинақтау, нақтылау, ойша эксперимент, салыстыру, құрылымдау, модельдеу әдістері;

-эмпирикалық: бақылау, сауалнама, отбасы-адамгершілік құндылықтарға арналған тесттер, диагностикалау, математикалық статистикалық: эксперименттік мәліметтерді өңдеу, сапалық және сандық тұрғыда сараптау әдістері қолданылды.

Зерттеу көздері. Зерттеу мәселесі бойынша философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтар мен педагогтардың еңбектері; Қазақстан Республикасының ресми құжаттары мен Білім және ғылым саласындағы нормативтік құжаттар (стандарттар, оқу кешендері, тұжырымдамалар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); шетелдік және отандық педагогтардың ғылыми еңбектері мен тәжірибелері, ғылыми мерзімді басылымдар, автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеу кезендері

Бірінші кезең (2015-2016жж.) – зерттеу мәселесі бойынша материалдар жиналып, жүйеге келтірілді, ғылыми аппарат айқындалды, педагогикалық жоғары оқу орындарының озық тәжірибелері жинақталып, талқыланып қорытындыланды, эксперимент жұмысының бағдарламасы дайындалды, отбасы, құндылық, отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер мен әдебиеттер зерделенді.

Екінші кезең (2016-2017жж.) – педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру

мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың психология-педагогикалық идеялары сараланды. Эмпирикалық материалдар жинақталып, ғылыми дәйектер қорытындыланды, студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды, зерттеудің негізгі идеялары мен нәтижелері тексеруден өткізілді.

Үшінші кезеңде (2017-2018жж.) – педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру бойынша элективті курс бағдарламасы, тренингтер топтамасы дайындалып тәжірибеге ендірілді, диссертациялық зерттеудің рәсімделуі аяқталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы төмендегілер болып табылады:

1. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды.

2. «Отбасы-адамгершілік құндылықтары» ұғымының мәні нақтыланды және құрылымы айқындалды.

3. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың құрылымдық - функционалдық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері айқындалды.

4. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесі жасалды, әдістеменің тиімділігі тексерілді және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру әдістемесі құрастырылды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді. Олар:

- «Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курс бағдарламасы әзірленді.

- «Отбасылық өмірге дайындаудағы психологиялық тренингтер» топтамасы даярланды.

-«Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың ерекшеліктері теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда *аксиологиялық тұғыр, әлеуметтік-гуманистік тұғыр, жүйелілік-құрылымдық тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, мәдениеттанымдық тұғырлары* айқындалады. Отбасылық мәселелерді зерттеу үшін тұғырлардың маңыздылығы, ол отбасын адамзат жасаған құндылық ретінде қарастыруға, құндылықтың нақты жетістігін түсінуге және оның ары қарай қалыптасуы педагогика ғылымындағы отбасын әлеуметтік-мәдени маңызды құбылыс ретінде қарастыруға, оны үнемі дамитын социум

ретінде ұсынуға, отбасына субъектілік құндылық ретінде қарауға мүмкіндік береді.

- «отбасы-адамгершілік құндылықтар» көпмағыналы ұғым ретінде қарастырылады, ол индивидтің сеніміне негізделген адам өмірінің мағынасы мен мәні болып табылатын, әлеуметтену үрдісі арқылы белгілі бір мәдениет немесе қоғамның шеңберінде адамның тұрақты мінез-құлық үлгісіндегі жалпы қағида ретінде анықталады. Студенттердің отбасын құндылық ретінде қабылдауы отбасы мүшелерімен қарым-қатынастағы қажеттіліктерді іске асыруына, оның мүшесі ретінде сенімділікті сезінуіне, отбасының құндылықтарына сәйкес іс-әрекеттер жасау үшін ерік-жігерінің болуына, отбасылық қатынастарда бірлескен бос уақытты өткізуге қанағаттануына, тұрақты мінез-құлқының болуына байланысты сипатталады.

- педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың мазмұны құрылымдық-функционалдық моделдеудің негізінде түсініліп, танылады. Динамикалық педагогикалық жүйе ретінде блоктары (теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, критерийлік-бағалау), компоненттері (мотивациялық-мақсаттылық, рефлексивтік-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелік), өлшемдері (дүниетанымдық, іс-әрекеттік, білімділік-тәрбиелік) мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылады.

- педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі (элективті курс бағдарламасы, психологиялық тренингтер топтамасы, оқу-әдістемелік құралы) және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері.

Зерттеудің базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бойынша 5В010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 65 студент бақылау тобында, Алматы университетінің 5В010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 55 студент эксперимент тобында болды.

Зерттеу нәтижелердің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі. талапқа сай әдіснамалық және теориялық қағидалармен, зерттеу пәнімен сәйкес әдіс-тәсілдерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіш нәтижелерінің қорытындыларымен, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жағдайында олардың тиімділігін тексерумен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, көрініс тапты:

-Проблема духовно-нравственных ценностей в наследии казахских просветителей XI-XIX вв.// Абай атындағы ҚазҰПУнің Педагогика және психология. – Алматы, - 2016. - №2 (27). – Б. 182-185;

-Отбасы – тұлғаны құндылықтарға тәрбиелеудің қайнар көзі // «Әлемдік және Қазақстандық білім –ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы. – 2016. – Б. 268-270.;

-Отбасы – адамгершілік құндылықтар көпмәдениетті тәрбиенің негізі ретінде / «Қазіргі замандағы этно-мәдени білім беру мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Павлодар. – 2016. – Б. 22-30.;

-Студенттердің отбасы – адамгершілік құндылықтарын анықтау диагностикасының нәтижесі / «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде Жас ғалымдарға VIII халықаралық ғылыми конференция материалдары». – Алматы. – 2016. – Б.16-18.

-Характеристика семейно-нравственных ценностей студентов / Материалы Международной научно-практической интернет-конференции «Формирование национального и мирового профессионального облика конкурентноспособного специалиста». – Түркістан. – 2016. – С. 124-127.

-«Отбасылық құндылықтар» ұғымының сипаттамасы // Абай атындағы ҚазҰПУнің ХАБАРШЫСЫ, Педагогика ғылымдары сериясы, -Алматы, - 2017. - №1 (53). – Б.52-56.

-Контент анализ понятия «Семья» в трудах казахстанских и зарубежных ученых (1975-2015гг.) //Педагогика и психология. Научно-методический журнал. КазНПУ имени Абя. - №3(32). – 2017г. - С. 28-34.

-Отбасының тәрбиелік әлеуеті «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» Жас ғалымдарға арналған ІХ халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, -2017. – Б. 188 -191.

-ЖОО студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары / International Scientific Conference « Modern scientific challenges and trends». – Warsaw, - 2018. – P. 52-58.

-Pedagogical conditions of formation of family-moral values of students / Материалы Международной научно-практической конференции «Трансформация социально-гуманитарного знания в условиях цифрового общества». – г.Белгород. -.2018. –С.32-34

-Experimental Study on family formation and moral values of students International journal of intellectual disability – diagnosis and treatment 2018, VOL. 6, NO. 3, 2292-2598.

-«Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2018. – 76 б.

Жарық көрген ғылыми еңбектер: диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 3-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген ғылыми журнал басылымында, 5 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, 2 мақала алыс-жақын шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында жарияланып, 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы: Диссертация кіріспеден, 2 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі көрсетілді.

«Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы – адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері анықталады. «Отбасы-адамгершілік құндылықтар» ұғымының мәні нақтыланады. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар басшылыққа алынады. Отбасы, отбасылық құндылықтардың құрылымы ұсынылып, оларға мазмұндық сипаттама беріледі.

«Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру әдістемесі» атты екінші тарауда қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалынып, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалады. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары нақтыланады. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарының қалыптастыруды диагностикалау жұмыстары жүргізіледі. «Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курстың бағдарламасы және «Отбасылық өмірге дайындаудағы психологиялық тренингтер» топтамасы, «Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құралы әзірленеді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ұйымдастырылу барысы мен нәтижелері анықталады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Қосымшада зерттеудің тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында қолданылған әдістемелер, «Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары ұсынылады.